

**2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша
банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 35 ұйым жұмыс істеді, оның ішінде 12 ипотекалық ұйым.

№	Ұйымдардың атауы Наименование организаций	1.01.2008	1.09.2008
1	Ипотекалық ұйымдар	12	12
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	23	23
	оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	4	4
	Жиынтығы	35	35


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 213 028,9 млн. теңге болды, ағымдағы жыл басынан төмендеуі 1,4% (3 106,2 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы елеулі үлесін заңды және жеке тұлғаға берілген заемдар - 76,2% (162 394,7 млн. теңге) алады, басқа банктерге орналастырылған салымдарға - 4,1% (8 688,2 млн. теңге), бағалы қағаздарға - 5,0% (10 720,6 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 4,1% (8 678,2 млн. теңге) келеді.


Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	1.01.2008		1.09.2008		Өсімі %-бен
	млн. теңге	жиынтығына %-бен	млн. теңге	жиынтығына %-бен	
Ақша	683,1	0,3	485,7	0,2	-28,9
Корреспонденттік шоттар	6 350,2	2,9	8 678,2	4,1	36,7
Бағалы қағаздар	11 769,6	5,4	10 720,6	5,0	-8,9
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	11 787,1	5,5	8 688,2	4,1	-26,3
«Кері «РЕПО» операциялары	15 825,3	7,3	10 404,0	4,9	-34,3
Клиенттерге берілген заемдар	164 551,8	76,1	162 394,7	76,2	-1,3
Капиталға және реттелген борышқа инвестициялар	1 613,5	0,8	3 759,1	1,8	2,3 есе
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	2 107,9	1,0	2 329,1	1,1	10,5
Басқа активтер	1 446,6	0,7	5 569,3	2,6	3,8 есе
Барлығы активтер	216 135,1	100	213 028,9	100	-1,4

1.01.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдары активтерінің құрылымы (%)



- Клиенттерге талаптар
- ▨ Бағалы қағаздар
- ▤ ЕДБ орналастырылған салымдар
- Басқа заңды тұлғалардың

1.09.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдары активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі жыл басынан 4,2% (7 578,4 млн. теңгеге) кеміп, ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 172 798,7 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің сапасын талдай келе стандартты кредиттер үлесінің кемігенін байқауға болады. Сөйтіп, ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесіне 95,5% келді, ал 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша - 92,3%. Күмәнді кредиттердің үлесі есепті күні 7,1% құрады, бұл 2008 жылғы 1 қаңтардағы деректерден 320 базистік тармаққа жоғары. Үмітсіз кредиттердің үлесі 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 0,6% болғанын айта кету керек. Абсолюттік мәнінде үмітсіз заемдар жыл басымен салыстырғанда 56,4 млн. теңгеге кеміген.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	1.01.2008		1.09.2008	
	негізгі борыш сомасы, млн.теңге	%-бен жиынтығына	негізгі борыш сомасы, млн.теңге	%-бен жиынтығына
Барлығы несиелік портфель	180 377,1	100	172 798,7	100
Стандартты	172 269,1	95,5	159 548,5	92,3
Күмәнді	7 110,9	3,9	12 309,5	7,1
<i>1-санаттағы күмәнділер</i> –төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	2 744,7	1,5	2 770,0	1,6
<i>2-санаттағы күмәнділер</i> –төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	1 496,3	0,8	5 364,4	3,1
<i>3-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	1660,1	0,9	280,5	0,2
<i>4-санаттағы күмәнділер</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	557,4	0,3	1 944,3	1,1
<i>5-санаттағы күмәнділер</i>	652,4	0,4	1 950,3	1,1
Үмітсіздер	997,1	0,6	940,7	0,6

**Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің өзгеру динамикасы,
млрд. теңгемен**




Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі үш ірі ипотекалық ұйымның үлесі 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 98,9% құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 36,2%, «Қазақстан ипотекалық компания» АҚ - 43,8%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 18,9%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2008 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 6 304,3 млн. теңгеге немесе 3,7%-ға кеміген және 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 165 263,4 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (47,2%) мен басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар (32,1%) басым.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.08		1.09.08		Өсімі %-бен
	млн. теңге	жиынтығына %-бен	млн. теңге	жиынтығына %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар	61 869,2	36,1	53 010,9	32,1	-14,3
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	200,0	0,1	100
Айналысқа жіберілген бағалы қағаздар	82 947,7	48,3	77 919,9	47,2	-6,1
Басқа кредиторлар	1 302,8	0,8	6 461,3	3,9	5 есе
Басқа міндеттемелер	25 448,0	14,8	27 671,3	16,7	8,7
Барлығы міндеттемелер	171 567,7	100	165 263,4	100	-3,7

1.01.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдары міндеттемелерінің құрылымы (%)



1.09.08ж. Жағдай бойынша ипотекалық ұйымдары міндеттемелерінің құрылымы (%)



Кірістілік. Есепті күнге ипотекалық ұйымдар табыс салығын төлегеннен кейін 726,3 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылғы 1 қыркүйекпен салыстырғанда 69,9%-ға аз.

Есепті күнгі кірістердің жиынтық мөлшері 24 052,5 млн. теңге (2007 жылғы 1 қыркүйекте - 16 863,2 млн. теңге), шығыстар - 23 326,2 млн. теңге (2007 жылғы 1 қыркүйекте - 14 448,7 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	1.09.2007	1.09.2008	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	12 935,2	16 346,7	26,4
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	7 582,0	11 147,2	47,0
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	3 928,0	7 705,8	96,2
Сыйақы алумен байланысты емес шығыстар	6 866,7	12 179,0	77,4

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер ең көп үлес алады (60,6% немесе 14 579,5 млн. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша қамтамасыз етуге ақша аударуға байланысты шығыстар алады (26,6% немесе 6 208,0 млн. теңге).

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 47 765,5 млн. теңге болды, бұл ағымдағы жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 7,2%-ға (3 198,0 млн. теңгеге) көп.